

ҚАРАСТЫРЫЛДЫ
Кафедра отырысы
Хаттама № 1
Кафедра жетекшісі
А.Мусина
«31» тамыз 2022 ж.

КЕЛІСІЛДІ
директордың бейіндік оқыту
бойынша орынбасары
Ә.Серікова
«31» тамыз 2022 ж.



**«Көркем шығармалардағы
географиялық атаулар сыры»
курсының**

БАҒДАРЛАМАСЫ

(8 «Б» сыныбы, 36 сағат)

Құрастырған
Мусина Анар Ермековна
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

2022-2023 оқу жылы

Құрастырушы:

Қарағанды қаласы «С.Саттаров атындағы мектеп-лицейі» КММ
қазақ тілі пәнінің мұғалімі  Мусина Анар Ермековна
қолы

Білім беру ұйымының қоғамдық-гуманитарлық пәндер кафедрасымен ұсынылады

Хаттама № 1 «31» 08 2022 жыл

Хатшы:

Лауазымы 
қолы

Білім беру ұйымының ғылыми әдістемелік кеңесімен ұсынылады

Хаттама № 1 «31» 08 2022 жыл

Хатшы:

Лауазымы 
қолы

Көркем шығармалардағы географиялық атаулар сыры

Курстың мақсаты – әртүрлі коммуникативтік жағдайларға еркін араласып, көркем шығармалардан алған ақпараттарды өмірмен байланыстыру, сауатты бағдарлай алу қабілетін дамытып, сөйлеу мәдениетін жетілдіру, жаратылыстану сауаттылығы мен тіл мәдениетін ұштастыру, шығармашылық ізденіске баулу

Курстың міндеттері:

- көркем шығармалардағы жалқы есімдерді тану, жер-су атауларының мәнін ұлттық таным тұрғысынан зерделеу;
- ономастикалық атаулар мен географиялық терминдерді тілдің стильдік нормасына сай қолдануға, сауатты сөйлеуге машықтандыру;
- географиялық ұғымдардың қолданысын білу дағдыларын қалыптастыру;
- талдау, жинақтау, абстракциялау, нақтылау, салыстыру, ұқсастығын табу дағдыларын қалыптастыру;
- көркем шығарманы оқу, талдау, сөздік құрастыру арқылы тілдік құзыреттілікке баулу

Қойылатын талаптар:

- ауызекі және жазба тілде қарым-қатынас жасауға қажетті сөйлеу дағдыларын қалыптастыру;
- диалогты және монологты сөйлеу (ауызекі), жазба тілі дағдыларын, сөйлеу мәдениетін, сөздің дұрыс, орынды айтылуын бақылап, тіл байлығын дамыту;
- өзіндік ой-пікірін айта білуге баулу;
- адамгершілік және адалдық, патриоттық сезімдерін қалыптастыру;

Басшылыққа алынатын ұстанымдар:

- бағдарламаның тұжырымды және жүйелі тұрғыда құрылуы, 8-сынып оқу бағдарламасының идеясы мен мақсатын басшылыққа алу;
- дамыта оқыту жүйесіне сүйену;
- тіл дамыту үрдісінің тұтастығы мен жүйелілік ұстанымын ескеру

Құндылықтарға баулу

- ✓ ел мен жер тарихын, мәдени мұраларын, тарихи ескерткіштер т.б. қасиетін түсіну, қадірлеу;
- ✓ ана тіліне құрмет сезіміне баулу;
- ✓ көшбасшылық қасиеттерге баулу;
- ✓ шешім қабылдау алу дағдысын қалыптастыру;
- ✓ интеллектуалды қасиеттерінің ашылуына ықпал ету

Күтілетін нәтиже:

- ✓ тілдің қызметін жүйелі меңгерген, коммуникативтік біліктілігі жоғары дамыған тұлға тәрбиелеуге мүмкіндік беріледі;
- ✓ тарихи атаулар мен географиялық терминдерді сұрыптайды;
- ✓ тарихи атаулар мен географиялық терминдердің қолданысына назар аударады;
- ✓ географиялық ұғымдардың мазмұнын біледі;
- ✓ лингвистика мен географияны ұштастыру арқылы лингвогеографиялық мәдениет қалыптасады, функционалдық сауаттылықтары жетіледі;
- ✓ көркем әдебиет арқылы география пәніне қызығушылық артады;
- ✓ жер-су атауларының қызықты мәліметтерден құралған қоры пайда болады;
- ✓ топонимдік атаулар сыры туған жер, туған өлке табиғатын тануға, туған жерге сүйіспеншілік сезімдеріне баулиды;
- ✓ тарихи орындарды көруге, саяхат жасауға қызығушылық пайда болады, туризм мамандығына мотивация ояту мүмкіндігі туады.

Түсінік хат

Қоғам өмірінде болатын құбылыстардың барлығы тілден көрініс тауып, тіл арқылы болашақ ұрпаққа жетеді. Кез келген тілдің қоғамда қызмет етуінің алғышарты - ол ғылым тілі қызметін атқару болып табылады. Ғылым тілінің өзегі – терминдер.

Таңдау курсының негізгі мақсаты – көркем шығармалардан алған ақпараттарды өмірмен байланыстыру, сауатты бағдарлай алу қабілетін дамытып, сөйлеу мәдениетін жетілдіру, жаратылыстану сауаттылығы мен тіл мәдениетін ұштастыру, тілдік талдау жасау. Пәнді оқып үйрену нәтижесінде білім алушының меңгеруге тиісті негізгі түсініктері, білімдері, біліктері және дағдылары: көркем мәтінді оқу, мазмұнды тани білу, көркем мәтінде берілген тарихи атаулар мен географиялық терминдердің қолданысына назар аудару, көркем мәтінде атқаратын рөлін түсініп, қоллана білу дағдысын қалыптастыру, географиялық атаулардың, терминдердің мағынасын ашу, ғылыми мәлімет беру, сөздік құралын жасап шығару, пәнаралық байланысты қамтамасыз ету, т.б.

Бағдарлама дәріс тақырыптарынан, практикалық сабаққа арналған тапсырмалардан, білім алушының мұғалімнің көмегімен орындайтын өзіндік жұмыс тапсырмаларынан, сынақ, тест, жағдаяттық тапсырмалардан, түсіндірме сөздік жұмыстарынан, пайдалануға ұсынылатын әдебиеттер тізімінен тұрады. Курс соңында оқушының білімін бекіту мақсатында бақылау сұрақтары берілген.

Курс аптасына 1 сағат, жылына 36 сағатқа негізделген.

Дәріс тақырыптарының мазмұны

Теориялық бөлім – 9 сағат

Халық ауыз әдебиетіндегі топонимдер.

Жер бедерін бейнелейтін сөз қолданыстары.

Жер-судың, туған-өскен өлкенің атаулары, әр алуан географиялық объектілерге тағылған тілдік айырым белгілер.

«Қыз Жібек» жыры. Жырда бірталай жер-су аттары кездеседі. Мысалы, Қара теңізді мекен еткен жүз Жағалбайлы елі, Ақ Жайықты жайлаған Алты Шекті елі, Қара теңізді қыстап, Ақ теңізді жайлаған Базарбай, Төлеген мен Бекежан кездескен Қособа, тағы басқа жергілікті атаулар.

Ежелгі дәуір әдебиетіндегі жер-су атаулары.

Ата-бабалар мекен еткен, мұңсыз-қамсыз тіршілігіне құтты қоныс болған өлкенің өткенінен хабар беретін, мәңгі ұмытылмастай орныққан атаулар тарихи ескерткіш ретінде құнды фактор. Қорқыт атаға қоныс болған Сыр бойы, дала даналарына мекен болған киелі Түркістан.

Эпикалық жырлардағы географиялық орындар.

Жыраулар поэзиясында кездесетін тілдік оралымдар. Топонимика - ата-бабаларымыздың бізге қалдырған аманаты, баға жетпес жәдігер.

Б. Момышұлы шығармашылығындағы топонимикалық атаулар.

«Ұшқан ұя» повесі. Табиғат құбылыстарының адам өмірімен байланысы, географиялық объектілердің ерекшеліктері, «батыр қалалар», әрбір жер-су атауының мән-мағынасы мен аталуы, оның орналасуының ерекшеліктері.

Зат есімдерден жасалған топонимдер. Топонимдерді морфологиялық құрылымына қарай саралап жіктеу, атауыштық қызметі жағынан ерекшеліктерін талдау.

Сын есімдерден жасалған топонимдер. Топонимдердің тегінде сын есімдерден жасалуында өзіндік бір сыр-сипат бар. Жердің ой-шұқыр, бет-бедерін, түр-түсін, тар-кеңдігін, үлкен-кішілігін, судың ащы-тұщы дәмін, исін білдіретін сын есімдер. Жер, су, көл, тау т.б. объектілердегі сын есім категориясындағы сөздердің қолданысы.

Сөздік жұмысы. Қазақтың халықтық географиялық терминдері. Терминдерге түсіндірме сөздігін құрастыру.

Практикалық бөлім – 11 сағат

Зерттеу бөлімі – 8 сағат

Шығармашылық жұмыс - 4 сағат

Экзкурсия – 2 сағат

Сынақ – 2 сағат

**Курстың күнтізбелік-тақырыптық
ЖОСПАРЫ**

| Сабак № | Мазмұны | Өткізу форматы | Сағат саны |
|----------------------------|--|----------------------|------------|
| 1-тоқсан – 8 сағат | | | |
| 1 | Курсқа кіріспе | Кіріспе сабақ | 1 |
| 2 | Топонимикалық аңыздар | Әңгіме | 1 |
| 3 | Халық ауыз әдебиеті және топонимдер | Зерттеу тапсырмалары | 1 |
| 4 | Жер бедерін бейнелейтін сөз қолданыстары | Тілдік талдау | 1 |
| 5 | Географиялық объектілерге тағылған тілдік айырым белгілер | Зерттеу тапсырмалары | 1 |
| 6 | «Қыз Жібек» жырындағы жер-су атауларының сыры | Зерттеу тапсырмалары | 1 |
| 7 | Зат есімдерден жасалған топонимдер | Тілдік талдау | 1 |
| 8 | Сын есімдерден жасалған топонимдер | Тілдік талдау | 1 |
| 2-тоқсан – 8 сағат | | | |
| 1 | Жайық өзеніне қатысты тілдік қолданыстар | Зерттеу сабағы | 1 |
| 2 | Жағдаяттық тапсырма. Суретпен жұмыс | Тілдік талдау | 1 |
| 3 | Сөздік жұмысы. Географиялық терминдер сөздігін құрастыру | Сөздік құрастыру | 1 |
| 4 | Ежелгі дәуір әдебиетіндегі жер-су атаулары | Тілдік талдау | 1 |
| 5 | Ата-бабаға қоныс болған құтты мекен | Тілдік талдау | 1 |
| 6 | Сырдария өзеніне қатысты тілдік қолданыстар | Зерттеу тапсырмалары | 1 |
| 7 | Киелі Түркістан | Виртуалды саяхат | 1 |
| 8 | Практикалық жұмыс. Жер бедерлерінің тілдік қолданыстарын талдау | Тілдік талдау | 1 |
| 3-тоқсан – 10 сағат | | | |
| 1 | Эпикалық жырлардағы географиялық орындар | Әңгіме | 1 |
| 2 | Жыраулар поэзиясында кездесетін тілдік оралымдар | Зерттеу сабағы | 1 |
| 3 | Ақтамберді толғауындағы географиялық атаулар | Зерттеу сабағы | 1 |
| 4 | «Үш қиян» сөзінің тілдік қолданысын талдау | Тілдік талдау | 1 |
| 5 | Жағдаяттық тапсырма. Картамен жұмыс | Тілдік талдау | 1 |
| 6 | Б. Момышұлы шығармашылығындағы топонимикалық атаулар | Зерттеу тапсырмалары | 1 |
| 7 | Табиғат құбылыстарының адам өмірімен байланысы | Әңгіме | 1 |
| 8 | «Үшқан ұя» повесіндегі географиялық объектілердің ерекшеліктері | Зерттеу тапсырмалары | 1 |
| 9 | Жағдаяттық тапсырма. Суретгермен жұмыс | Тілдік талдау | 1 |
| 10 | Практикалық жұмыс. Тест тапсырмалары | Тілдік талдау | 1 |
| 4-тоқсан – 10 сағат | | | |
| 1 | Зат есімдерден жасалған топонимдер | Зерттеу сабағы | 1 |
| 2 | Көркем шығармадағы зат есімнен жасалған топонимдердің тілдік қолданысын талдау | Зерттеу тапсырмалары | 1 |
| 3 | Көркем шығармадағы зат есімнен жасалған топонимдердің тілдік қолданысын талдау | Зерттеу тапсырмалары | 1 |
| 4 | Сын есімдерден жасалған топонимдер | Зерттеу тапсырмалары | 1 |
| 5 | Көркем шығармадағы сын есімнен жасалған топонимдердің өзіндік ерекшеліктері | Тілдік талдау | 1 |
| 6 | Практикалық жұмыс. Морфологиялық қолданыстар | Тілдік талдау | 1 |
| 7 | Тарихи атаулар сыры. Жоба қорғау | Жоба қорғау | 1 |
| 8 | Тарихи атаулар сыры. Жоба қорғау | Жоба қорғау | 1 |
| 9 | Туған жерге тағзым | Виртуалды саяхат | 1 |
| 10 | Жылдық қорытынды сабақ | Қорытынды сабақ | 1 |

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Әбдірахманов А. Топонимика және этимология. Алматы: Ғылым, 1975.- 204-б.
2. Әбдірахманов А. Қазақстанның жер-су аттары. Алматы, 1959.- 219-б.
3. Бірмағамбетов Ә., Мамырова К. Географиялық сөздік. Алматы, 1992. -144-б.
4. Бірмағамбетов Ә. Ш.Уәлиханов және Ішкі Азия топонимикасы // География және табиғат: Ғыл.-пед. журнал. 2003. - №2. – 58-б.
5. Бірмағамбетов Ә. Туған өлкені зерттеушілер. Алматы, 1986. - 66-б.
6. Жүнісов Д. Өзен-көл атаулары. Алматы, 1985. -128-б.
7. З. Құламанова, Т. Жаңақұлов. «Б. Момышұлы шығармашылығындағы топонимикалық атаулар»
8. Б.Момышұлы. «Ұшқан ұя» првесі, «Qasym баспа үйі», Қарағанды, 2021
9. Қазақ әдебиетінің хрестоматиясы, 8-сынып